



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

• **6B02301 – Филология қ/б**

<b>БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЫҢ МАҚСАТЫ</b>	Тіл білімі мен әдебиеттану саласында жүйелендірілген білімді қалыптастыру бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыруға және ғылыми зерттеулер жүргізуге қабілетті, жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі бар, түрлі саладағы әлеуметтік маңызды міндеттерді қазіргі заманғы деңгейде шығармашылық және кәсіби шешуге қабілетті, полимәдениетті, коммуникативтілікті меңгерген филология бойынша жоғары білікті кадрларды даярлау
<b>КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ АЯСЫ</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>- әлеуметтік-педагогикалық;</li><li>- басқаруды ұйымдастыру;</li><li>- бұқаралық ақпарат;</li><li>- білім беру;</li></ul>

# БІЛІМ БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

**ОН1** – Әлеуметтік, мәдени және құқықтық жағдайларға, қазақстандық қоғамның құндылықтар жүйесіне, олардың ара-қатынасына талдау жасайды. Өзгеріп отырған әлеуметтік-экономикалық жағдайда өмір сүруге дайын болу мақсатымен маңызды қарым-қатынас жасау, тиімді диалог жүргізу әдісін қолданады.

**ОН2** - Филологиялық ғылымдағы отандық және шетелдік озық тәжірибені пайдалана отырып, ғылыми тұжырымдарды қорытындылай алады.

**ОН3** - этномәдени және конфессиялық айырмашылықтарды, қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымының ерекшеліктерін танып, көп мәдениетті ортада ғылыми пікірталас жүргізу қабілетін көрсетеді. әлеуметтік-саяси фактілерге қатысты, яғни қазақ қоғамының дамуының түрлі кезеңдері, саяси бағдарламалары, мәдениеті, тілі, әлеуметтік және тұлғааралық қарым-қатынастары туралы өз ұстанымын қорғай алады.

**ОН4** - Қазіргі заманғы қазақ тіл білімі және әдебиеттанудың теориялық негіздерінің ғылыми тұжырымдарын қорытындылай алады, қазіргі қазақ тілі салаларының теориясы мен тарихы, қазақ әдебиетінің тарихы мен кезеңдерінің негізгі қағидаларына талдау жасайды;

**ОН5** - Лингвистика, тарихи және салыстырмалы грамматика салаларында бекітілген ғылыми әдістерге сәйкес ғылыми зерттеулер жүргізеді. Ақпаратты іздеу, өңдеу және тарату үшін Интернет-ресурстар қызметтерін сауатты пайдалана алады. Қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданумен мамандық бойынша жобалық іс-шараларды жүргізе біледі.

**ОН6** – Қазақ әдебиетінің тарихы және тіл білімі мәселелері бойынша соңғы компьютерлік технологияларды пайдалану арқылы рефераттар, мақалалар, эссе, шолу-рефераттар, ғылыми есептер, ғылыми баяндамалар, филологиялық пікірлер жазады.

**ОН7** – Қазіргі әдеби үдерісті, қазіргі әдебиеттің даму бағыттарының теориялық негіздерін жүйелі түрде зерттеуге, оның шешімін таппаған түрлі мәселелерін талқылауға қабілетті болады.

**ОН8**– Ғылыми зерттеу ұйымдарында және оқу орындарында ғылыми, техникалық, әлеуметтік-саяси, экономикалық мазмұндағы мәтіннің мағыналық біркелкілігі мен емелік және пунктуациялық сауаттылығын қамтамасыз ету үшін мәтінді редакциялай алады. Мәтінге фонетикалық және стилистикалық талдаулар жасай алады.

**ОН9**– Қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті материалдары негізінде көркем шығарманы талдап, талқылай алады. Әдебиеттану ғылымының даму заңдылықтарын, әдеби үдерістегі шығармашылық мазмұнын, жаңа бағыттардың, әдеби мәтіндердің өзекті мәселелері бойынша теориялық білімді меңгерген, алынған білімді жұмыста қолдана алады.

**ОН10**– Ойын сөз мәдениетінің талаптарына сай ауызша және жазбаша түрде жеткізе алады, сөз саптау тәсілдері (баяндау, сипаттау, пайымдау) мен сөйлесім әрекетін меңгереді, өзін-өзі дамытуда білімін жетілдіруге орынды қолданады.

**ОН11**–Тіл біліміне қатысты теориялық ақпаратты анықтап, іріктеп, өңдеп, сақтап жеткізудің әдістері мен тәсілдерін қолданады; Ғылыми пікірталас жүргізу қабілетті.